

ӨТКЕН ӨМІР СЫРЫ

Туған жер

АУДАНЫНЫҢ САКРАЛДЫ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ



2017 жылдың 12-сәуірінде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның Рухани жаңғыруының үшінші кезеңінің басталғандығын жариялаған еді. Жаңа тәсілдегі жаңғырудың бірінші ұстанымы – өз мәдениетімізді, ұлттық кодымызды сақтап, рухани және мәдени құндылықтарымызды молайту болып табылады.

Осыған орай Ақмола облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттар басқармасымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында үш қосалқы жоба жасалды. Атап айтқанда, «Ақмола облысы – мұрағат құжаттарында», «Өлке тарихы – Ел тарихы», «Тарих беттерін парақтағанда» деп аталады. Аталған жобаларды жүзеге асыру ісі 2018 жылдың 17 қаңтарында басталған. «Өлке тарихы – Ел тарихы» жобасы алғашқы «Ақмола облысы – мұрағат құжаттарында» қосалқы жобасының жалғасы іспетті. Онда астаналық ауданның тарихын паш ететін фотокүжаттар көрмесі 2018 жылдың 17 шілдесінде Көкшетау қаласында бастау алған.

«Өлке тарихы- Ел тарихы» атты жылжымалы фотокөрме 2019 жылдың 25 қыркүйегінде Целиноград ауданына келіп жетті. Аталған көрме Ақмола облысының 17 ауданы мен 2 қаласын басып өтті. Жылжымалы фотокөрменің мақсаты – өскелең ұрпақты мұрағаттық құжаттар арқылы облыс тарихымен таныстырып, олардың санасында патриоттық сезім қалыптастыру.

Осы орайда Ақмола облыстық мұрағатының ұйымдастыру-ақпараттық бөлімінің жетекшісі, 9 роллап бойынша экскурсия аралатып, ақпарат берген экскурсовод Рахымжанова Гүләйым Амангелдіқызына ризашылық білдіреміз. Ақмол орта мектебінің оқушылары (директоры А. Яхина) сынып жетекшілермен бірге фотокөрмені асқан қызығушылықпен тамашалады.

Осы бір танымдық мәні бар фотокөрменің роллаптарынан біз санадан өшпейтін, есте мәңгі сақталатын тамаша фотосуреттерді көрдік.

Ләззат АБРАЕВА,
мұрағат директоры.